

Қобызы оның басқалардан өзгерек



Қазақтың киелі қобызын дәріптеп жүрген Петр Крутых қолынан шыққан бұл аспаптың қоңыр үні еріксіз елітеді. Үнінің ерекше шығуның сырты ағашының сапалығында ғана емес, шебердің жанын салып жасаудыңда да болса керек.

Қасиетті аспаптың прима-қобызы деп аталатын скрипкаға үқсас түрін жасап жүрген шебер Петр Круч Оскемендеңі облыстық жасөспірімдер және балалар кітапханасында өткен кездесуде үлттық аспаптар жасаудағы шеберлігінің қыр-сырымен бөлісті. Шараның негізгі мақсаты – өскелен үрпақты халық өнеріне бір табан жақыннату. Кездесуге келген жасөспірімдер шебердің өнеріне тәнті болып, оған сауалдарын қойды. Петр Крутых айтуынша, әр аспап оның туған баласында. Оны жасау үшін материалдың сапасына, шектерінің әуезді болуынан ерекше мән береді. Шара барысында шебер қолынан шыққан әр туындысына қалай жан бітіретіндігін бүге-шігесіне дейін баянdap, тіпті ағаш өңдеуде қандай құралдар пайдаланатынын көрсетті. Қызықты өткен кездесу сонында жиналғандар шебермен естелік суретке түсті, ерекше әсер алғандарын жеткізіп, оған алғыстарын айтты.